

Кейбір бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 10 наурыздағы № 108, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 194, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 157, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 56, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 22 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 11 мамырда № 15110 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру кезіндегі бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының және оларды орналастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 10 қазандағы № 47, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы № 217, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 23 қазандағы № 353-І, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы № 34, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 3 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2174 болып тіркелген, 2003 жылы Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде №16, 843-құжат жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру кезіндегі бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының және оларды орналастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 10 қазандағы № 47, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы № 217, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 23 қазандағы № 351-1, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы № 34, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 3 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 485, Қазақстан

Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 265-І, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 15 қыркүйектегі № 681, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2003 жылғы 16 қыркүйектегі № 170, Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 16 қыркүйектегі № 433 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2174 болып тіркелген, 2004 жылы Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде № 37-40, 101-құжат жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асыру кезінде бақылаушы органдардың өзара іс-қимылының және оларды орналастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2002 жылғы 10 қазандағы № 47, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2002 жылғы 9 желтоқсандағы № 217, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 23 қазандағы № 353-І, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 14 қаңтардағы № 34, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 ж. 7 қаңтардағы № 3 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 16 қарашадағы № 397, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2007 жылғы 4 желтоқсандағы № 258, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 700, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2007 жылғы 14 қарашадағы № 685 , Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2007 жылғы 20 қарашадағы № 197 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5032 болып тіркелген, 2007 жылғы 28 желтоқсанда " Заң газеті" газетінде № 197 (1226) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңмен бекітілген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықтың мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның орыс және қазақ тілдеріндегі қағаз және электронды көшірмелерін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты мемлекеттік тіркеуден күнтізбелік он күн өткеннен кейін көшірмесін басылымды баспаларға ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының					
Премьер-Министрінің		орынбасары-			
Қазақстан Республикасының					
Ауыл шаруашылығы		министрі			
_____	А.	Мырзахметов	Қазақстан Республикасының		
Қазақстан Республикасының			Денсаулық сақтау		министрі
Инвестициялар және даму			_____	Е.	Біртанов
министрі			Қазақстан Республикасының		
_____	Ж.	Қасымбек	Қаржы		министрі
Қазақстан Республикасының			_____	Б. Сұлтанов	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті					
төрағасы					

					К. Мәсімов